

центральными органами Российского государства многие вопросы социально-экономического и политического развития Казахстана. Через работу в Советах прошли многие представители коренного населения, ставшие позже крупными общественными и государственными деятелями, и внесшие значительный вклад в дальнейшее развитие республики. Деятельность местных Советов в Казахской Автономной Социалистической республике в тех исторических условиях не могла быть иной, поскольку Советы существовали и развивались, вне принципов демократии, и соответственно были неспособны пробудить творческую инициативу народных масс, не безразличных к дальнейшему процветанию своего Отечества, привлечь их к управлению обществом [7; 249-250].

Список литературы

1. Съезды Советов РСФСР. В постановлениях и резолюциях / под ред. Вышинского А.Я. - М.: Ведомостей Верховного Совета РСФСР, 1939.- 540 с.
2. Глазунов М. М., Митрофанов Б.А. Первые Советы перед судом самодержавия (1905-1907гг.). - М.: Юридическая литература, 1985. – 176 с.
3. Лукьянов А. И. Развитие законодательства о Советских представительных органах власти.- М.: Юридическая литература, 1978. - 351 с.
4. История Казахской ССР (с древнейших времен и до наших дней) - Алма-Ата: Наука, 1977. – Т.4. - 640 с.
5. Тургайский областной съезд Советов. Протоколы. - Алма-Ата - М.: Казахстанское краевое изд-во, 1936. - 128 с.
6. История государства и права Советского Казахстана (1917-1925). /под ред. Зиманова С.З., Биндера М.А. - Алма-Ата: АН КазССР, 1961.- Т.1. - 447 с.
7. Кожаметов Г.З. Становление национальной государственности в Казахстане в условиях советской автономии (1917-1936 гг.). – Алматы: Білік, 2010. –482с.

ЖОҒАРҒЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒА ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗІ

*Байшеев А.Т. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ 1 курс магистранты,
Ахметова Н.С. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ з.ғ.к., профессор*

21-ғасырдың алғашқы жылдары Қазақстанда конституциялық құрылыстың жаңа кезеңімен атап өтілді. 2007 жылғы 21 мамырда, 2017 жылдары наурыз айында “Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң қабылданып, онда ел үшін қағидаттық маңызды жаңалықтар жарияланды. Бұл ретте уақыт елегінен өткен мемлекеттік құрылыстың қазақстандық үлгісінің өлшемдері негізінен сақталды[1].

Конституциялық реформа барысында осы үлгі аясында жоғарғы лауазымды тұлға рөлі мен ықпалын арттырған билік қатынастарының жүйесі жаңғыртылды, олар бүгінде мемлекеттегі істің жай-күйіне бұрынғыдан да үлкен жауапкершілік алып, билік тармақтарының арасында баланс бекітілді. Азаматтық қоғам институттарының жан-жақты дамуы, мемлекет пен қоғам қатынастарының үйлесімділігі бағдарының нәтижесінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың неғұрлым белсенді өзара іс-қимылына конституциялық тыйымдар мен шектеулер алып тасталды, бүгінде біздің елдің ішкі жағдайы мен қажеттіліктеріне толықтай сай келетін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жаңартылды[2].

Жүргізілген реформа осылайша мемлекет пен қоғам институттарын одан әрі демократияландыруға бағытталған. Конституцияда танылған осы жүйелі шешімдердің барлығы Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасында одан әрі іске асуға тиіс.

Қазіргі уақытта мемлекеттанушылар Қазақстандағы нарықтық экономикалық қатынастың дамуындағы шартты байланысқан экономикалық және әлеуметтік қайта құрылулардың терең бағыт алғанын мойындап отыр. Сонымен қатар терең саяси өзгерістер егеменді мемлекетті қалыптастыруда және қазақстандық қоғамдағы саяси жүйе институттарының жетілуіне алып келді.

Құқық ғылымында лауазымды тұлға түсінігінің эволюциялық даму тарихы ұзақ уақытты алады. Лауазымды тұлға мәселесін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстардың саны өте көп. Осы зерттеулер лауазымды тұлға түсінігінің даму кезеңдерін келесі кезеңдерге бөліп көрсетеді:

- 1917-1922 жж. кеңейтілген лауазымды тұлға түсінігін «қызметкер» түсінігіне теңдестіруді бекіткен алғашқы қылмыстық кодекстер қабылданды;

- 1922-1960 жж. «лауазымды тұлға» ұғымы нақтыланып, 1960 жылы Қылмыстық Кодексті қабылдаумен аяқталды. 50-ші жылдары лауазымды тұлғалардың құқық бұзушылық ерекшеліктерін зерттеуде әкімшілік құқық ғалымдары Ц.А. Ямпольский, Г.И. Петров пен Е.В. Шорин үлкен жетістіктерге жетті;

- 1960-1990 жж. лауазымды тұлға түсінігінің жаңа анықтамалар ізденістері айналасында жұмыс жалғасты. Бұл біріншіден, қылмыстық құқық ғылым өкілдерінің, екіншіден әкімшілік, еңбек, экологиялық құқық өкілдерінің осы мәселеге әртүрлі көзқарас тұрғысынан келу кезеңі;

- 1991 жж. Қазақстан Республикасының құқық салаларындағы өзгерістер лауазымды тұлға түсінігін заман талаптары мен заңнамадағы реформаларға сай жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. орын алғаны себепті аталған түсінікті ой елегінен қайта өткізу процесі басталды;

- 1995 және одан кейінгі конституциялық реформалар негізіндегі жоғарғы лауазымды тұлға мәртебесінің өзгеруі негіз болды.[3]

Қазақстанда бірпартиялылық жүйенін жойылуы, биліктің бөліну қағидатының мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу, Қазақстанда президенттік институтты орнықтыруды және нығайтуды талап етті. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР Президентінің постын тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі Заңмен саяси және экономикалық түбегейлі өзгерістер, конституциялық құрылысты, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және қауіпсіздігін нығайту, мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары органдарының өзара әрекетін жақсарту мақсатында ҚазКСР Президентінің постын тағайындады [4].

Республикалық басқару нысанындағы мемлекеттерде, мемлекет басы әдеттегідей Президент болады. Жалпы алғанда президенттің міндетіне мына функциялар кіреді:

- Президент шет елдердің елшілерін қабылдайды, елшілерді тағайындайды;
- халықаралық келісім-шарттарды растайды;
- мемлекеттің қарулы күштерінің бас қолбасшысы.

Көптеген елдерде президенттің конституциялық заңдарға сәйкес мынадай құқығы бар:

- парламентті таратуға, сессияның жұмысын шақыруға, не болмаса басқа күштерге ауыстыруға құқықты; заң жобаларын қабылдамай, екінші рет парламентке жіберуге Президенттік республикаларда мемлекет басшысы өте үлкен өктемдік құқықтармен пайдаланады.

Жоғарыда айтқандай, мұндай жағдай АҚШ сипаттағы елдерге тән. Онда президент жоғарыдағы көрсетілген міндеттерден басқа министрлерді, хатшыларды ауыстыруға, барлық жоғарғы, жай азаматтарды және әскери шенеуніктерді тағайындайды. Президент жоғарғы атқару үкіметтің актысы ретінде қаулы шығарып, мемлекеттік өмірдің әртүрлі жақтарын реттейді. Парламентаралық республикаларда президенттің ролі төмендеу болады. Мемлекеттің басшысы бола тұра, жоғарғы атқарушы билікті формальды түрде жүргізеді, шын мәнінде, ол жұмысты үкімет басшысы орындайды. Ондай мемлекеттерде парламентті тарату президенттің қаулысымен болса да, үкіметтің шешімімен іске асырылады. Президенттің қаулылары, үкімет басшысы қол қоймай заңды күшіне кірмейді.

Республика Президентінің өз өкілеттіктерін тиімді және тәуелсіз жүзеге асыруы, президенттік басқару нысанын одан әрі нығайту үшін президенттік билік көзін, жанама өкілетті орган арқылы емес, бүкіл Қазақстан халқы атынан заңдастырудың объективтік қажеттілігі туды. Сондықтан Республикадағы президент институты қалыптасуының маңызды кезеңі 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен мемлекет басшысын бүкілхалықтық сайлау болды. []

Президент президенттік басқару нысанын нығайту бағытын дәйекті жүргізуге бүкілхалықтық қолдау тапты. ҚР Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылдаған ҚР Конституциясы ҚР Президенті атқарушы биліктің бірыңғай жүйесін басқаратынын бекітіп, президенттік билікті күшейту тенденциясын жүйелі түрде жалғастырды.

Президент мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылысты қорғау, республиканың қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайту жөніндегі қажетті шараларды қабылдау құқығына және міндетіне ие болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық орны ҚР Конституциясының III бөлімінде белгіленген. Осы бөлімнен бастап мемлекеттік органдар туралы мәселені регламенттеу басталады, бұл ҚР Конституциясымен Президентке биліктің жоғары органдары жүйесінде қандай орын берілгендігін куәландырады. Президент – жеке-дара тұрақты іс-әрекет ететін мемлекет басшысы.

Бүкілхалықтық дауыс берумен 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясы, президенттік басқару нысанын және соған сәйкес мемлекеттік құрылысты біржолата бекітті [4]. Президенттік басқару нысаны шеңберінде, билік тармақтарының үстінде тұрған, шын мәнінде, төрелік функцияларына ие болған және соның арқасында мемлекеттік билік органдарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мемлекет басшысының мәртебесі, Қазақстан жағдайында қоғамның саяси және экономикалық жүйелерін кері айналмайтын реформалауды табысты жүргізу үшін барынша қолайлы алғышарттарды жасауға мүмкіндік береді. Президенттің әлеуметтік тұрғыдағы конституциялық-құқықтық мәртебесінің маңызы бірде бір кем емес: көпэтносты және көпконфессиялы, оның үстіне онда жіктелу жүріп жататын, қоғам үшін Президент тұлғасында азаматтық татулық, қоғамдық тұрақтылық және ұлтаралық келісім кепілінің болуы өмірлік маңызды. Бұл дегеніңіз өзін құрған халық алдында биліктің жауапкершілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

«ҚР Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы туралы» ҚР Конституциялық заңы Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының сабақтастығын, еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және демократиялық өзгерістерді одан әрі қамтамасыз ету мақсатында, жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, оның бірлігін, Конституциясын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен Ұлт көшбасшысы ретіндегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Ұлт көшбасшысының саяси және құқықтық тұғырын белгілейді[5].

Осы Конституциялық заңда Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңмен және Республиканың басқа да заңдарымен қарастырылған Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерімен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Ұлт көшбасшысының саяси-құқықтық мәртебесі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Ұлт көшбасшысының оның Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін тоқтатқаннан кейінгі де прерогативтері және кепілдіктері белгіленген[6].

Республика Президентінің конституциялық мәртебесі, мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабымен белгіленген. Нұсқалған бапқа сәйкес Республика Президенті:

- Мемлекет басшысы;
- Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілейтін және Қазақстанды ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасы;
- Халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мызғымайтындығының нышаны және кепілі болып табылады. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің елдің тіршілік қызметінің барлық салаларында жүзеге асыратын, тек Республика Президентіне ғана тән өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңда және Республиканың басқа да заңдарында қарастырылған.

Конституция бойынша республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Конституцияның 2-бабының 1-тармағында көрсетілгеніндей, «Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет». Мұның мәнісі мынада: біріншіден, Президент мемлекеттік билік тармағының бір де біріне жатқызылмайды; екіншіден, Президентті халық сайлайды және ол Парламентке тәуелсіз; үшіншіден, Президентке кең өкілеттіктер беріледі және ол Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің барлық тармақтарына, олардың өз өкілеттіктерін тиімді жүргізуіне көмектеседі, олардың өзара қарым-қатынастарына сындарлы ықпал ете алады; төртіншіден, ұлан-байтақ қазақ жері ұлттық-аумақтық бөліністерге бөлінбей, тек әкімшілік-аумақтық бөліністерге — облыстарға, қалаларға, аудандарға, ауылдарға ғана бөлінеді және олар жоғарыдағы бір орталыққа бағынады. Демек, мемлекеттің басында заңды түрде сайланған Президент тұрып, басшылық етеді. Президенттік басқару нысаны елдегі саяси тұрақтылықты және қоғамдық келісімді қамтамасыз етеді. Ал, Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды.

Пайдаланған әдебитеттер тізімі:

1. Мадалиева А.А. Қазақстанда Президенттік билік жүйесінің қалыптасуы: Автореферат – Алматы, -2008.- 11-17 б.
2. Сахаров Н.А. Институт президентства в современном мире. М., 1994.
3. Касымбеков М. Становление института президентства в РК происходило в чрезвычайно сложной обстановке// <https://www.zakon.kz/>
4. Қазақ КСР Президенті орнын бекіту туралы" Қазақ КСР-ының 1990 жылғы 24 сәуірдегі Заңында ...Президент бірінші рет Республика басшысы деп аталды.// Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990, №18.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы// <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы.// <http://adilet.zan.kz>

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к., профессор Какимова М.Ш.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1 курс магистранты Қасымханов А.*

Мемлекеттік билік мәселесі алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болу сәтінен басталып, осы күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген ойшылдар қоғамның және мемлекеттің идеалды үлгісін құруға, олардың оңтайлы даму жолдарын анықтауға, топтық және жеке мүдделерді, қарама-қарсы жақтағы позицияларды келісуге тырысты.

Біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу теориясының өмір сүру қабілеттілігі оның заңдық маңыздарға ие позитивті элементтерінің болуымен анықталады. Осыған байланысты билікті бөлу доктринасын бағалау және талдау көзқарастары жағынан күрделі тарихи сипаттағы екі тұсын ажыратады:

1.Мемлекеттік билікті жүзеге асыру және ұйымдастыру идеясының негізі біртұтас органдар жүйесі ретіндегі мемлекет механизмі шегінде еңбек бөлінуден бастау алады. Бұл органдар жүйесі белгілі бір дәрежеде анықталған, заңды түрде ұйымдасқан, өзара қызметтері шектелген, заңдық дербестігі қамтамасыз етілген, бір орган екіншісінің есебінен заңсыз көтерілуге тиым салынған құрылым.

2.Билік бөлу қай заманда болмасын деспотизмді жоюдың қажетті шарты ретінде және билікті теріс пайдалануға тиым салатын, қоғамдық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепіл болатын плюралистік, яғни саяси күштердің, топтың, жеке мүдделерді теңестіретін негізгі құрал ретінде қолданылатын жүйе[1;55].

Біздің көзқарасымыз бойынша мемлекеттік басқару жүйесінің қазақстандық үлгісі заманауи кезеңде келесідей саяси-құқықтық қатынастарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына билікті бөлудің әмбебап нормаларын саяси-құқықтық бекіту;
- алыс-жақын шетелдердің конституциялық озық, жағымды тәжірибесін қазақстандық қоғамның шынайы өміріне мақсатқа сай бейімдеу;
- биліктің түрлі органдары арасындағы, және де зиялы қауым мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасты құқықтық реттеу жолымен саяси тұрақтылықты сақтауға басымдық беру;
- мемлекеттік биліктің үш тармағы арасындағы саяси күштердің нақты тепе-теңдігін ұстап тұру.

Мемлекеттік билік механизмінде шешуші рөлді мемлекеттік органдар ойнайды. Олар мемлекеттік билікті жүргізу үшін арнайы құрылады. Мемлекеттің органдардың ерекшеліктері болып басқа ешқандай ұйымдарда жоқ мүмкіндіктер мен құралдарының, нақтырақ айтқанда-мемлекеттік билік өкілеттілігі табылады.

Ол мемлекеттің өз қызметтерін тиімді жүзеге асыруға бағытталады. Мемлекет өзінің ұйымдары арқылы әрекет ете отырып, оларға сәйкесінше құқықтар мен міндеттер береді. Өкілеттілік- ұйымның